**"2009 жылы Аққайың ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Аққайың аудан әкімдігінің 2009 жылғы 12 қаңтардағы № 14 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 22 мамырдағы N 111 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Аққайың ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 2 маусымда N 13-2-102 тіркелді

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 28-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 7-бабы 5-тармағына, 20-бабының 5-тармағына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын жүзеге асыру жөніндегі іс–шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына, «Қоғамдық жұмыстарды, жұмыссыздардың кәсіби дайындығын, біліктілігін арттыру және қайта даярлауды ұйымдастыру және қаржыландыру жөніндегі ережені бекіту туралы» Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2001 жылғы 19 шілдедегі № 38 қаулысына (2001 жылғы 30 шілдедегі мемлекеттік тізілімдегі № 398 тіркелген, 2001 жылғы 7 тамыздағы «Северный Казахстан» газетінде жарияланған) сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2009 жылы Аққайың ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» Аққайың аудан әкімдігінің 2009 жылғы 12 қаңтардағы № 14 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркейтін Тізілімнің өңірлік бөлімінде № 13-2-96 тіркелген және 2009 жылғы 19 ақпанда № 7 «Колос» газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген қаулымен бекітілген қоғамдық жұмыстардың түрлері бойынша ұйымдардың тізімі, жұмыстың түрлері, көлемдері және еңбекақы мөлшерлері осы қаулының қосымшасына келісілді жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші ресми жарияланған кезден бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі Р. Елубаев*

Аққайың ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 22 мамырдағы № 111 қаулысына қосымша
Аққайың ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 12 қаңтардағы № 14 қаулысымен бекітілген

**Қоғамдық жұмыстардың түрлері бойынша ұйымдардың тізімі, жұмыстың түрлері, көлемдері, еңбекақы мөлшері**

| Ұйымдардың атауы | Жұмыс орны | Қоғамдық жұмыстардың түрлері | Разряды | Коэффи-циенті |
|---|---|---|---|---|
| «Аққайың аудандық мұрағаты» мемлекеттік мекемесі | 2 адам | Құжаттарды сақтауға даярлау және өңдеуге көмек көрсету | G-14 | 1,43 |
| Аққайың ауданы селолық округ әкімдерінің аппараттары | 308 адам | Аққайың ауданы селолық елді мекендерде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде, құқық қорғаушы органдарына жәрдемдесу отрядтарына қатысу;<br>Құжаттарды сақтауға даярлау және өңдеуге көмек көрсету;<br>Шаруашылық кітаптарын құру және үй шаруашылығының санағына көмектесу;<br>Елді мекендердің аумақтарын жинау;<br>Аумақты жасылдандыру және көркейту, қаңғырып жүрген жануарларды аулау;<br>Мұз қалашықтарының құрылыстарында қосалқы жұмыстарды орындау;<br>Ағымдағы жолдарды жөндеу (ойлармен және шұңқырларды жабу, жол жиектерін қазу, қоқымнан тазалау және тағы да басқалар);<br>18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау кезінде жұмыспен қамту мәселесі бойынша көмек көрсету;<br>Оралмандарды жайғастыру және қабылдау бойынша тапсырмаларды орындау;<br>Мемлекеттік мекемелерде және бюджеттік ұйымдарда жағу кезеңінде жағушы болып жұмыс істеу;<br>Күзгі және көктемгі тасқындарға байланысты жұмыстар жүргізу;<br>Жалғыз басты қарт ауру азаматтарды | G-14<br>G-14<br>G-14<br>II<br>III | 1,43<br>1,43<br>1,43<br>1,49<br>1,59 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | күту (азық – түлік сатып алу, бөлмені жинау, қабырғаларды ақтау, еденді сырлау, кір жуу, егу, көкөністерді жинау) ;<br>Қоқыс орындарын жинау және зираттарды, соның ішінде қалдықтарды жинауды ұйымдастыру | I I I<br><br>I I<br><br>G - 1 4<br><br>G - 1 4<br><br>I I<br><br>I I I<br><br>G - 1 4 | 1 , 5 9<br><br>1 , 4 9<br><br>1 , 4 3<br><br>1 , 4 3<br><br>1 , 4 9<br><br>1 , 5 9<br><br>1 , 4 3 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | III | 1,59 |
| Қорытынды: | 310 | | | |

Ескерту: 5, 10, 11, 13 абзацтармен белгіленген жұмыстар ұйымдардың штат кестелерінде сәйкес бірліктер болмаған жағдайда және осы мақсаттарға жергілікті бюджеттерде қаражаттар қарастырылмаса қолданылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК